



## Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар!

**Арқалық қаласы акімдігінің Тілдерді оқыту орталығы жасаған жұмыс нотижелері бойынша облыста үздік деп танылды.**

Казақстандағы тіл саясатын жүзеге асырудагы белсенді жұмысы үшін жаралттаулар «ҚР. Халықтарының тілдері күні» мерекесіне орай облыстық тілдерді дамыту басқармасы үй-ымдастырган «Тіл - рухани қазына» атты салтанатты жиында отті. Осы ретте, ең үздік шыққан Арқалық қаласы акімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» номинациясы бойынша маралатталып, орталық басшысы Баян САРУАРҚЫЗЫНА об-

лыс акімі А. МұХАМБЕТОВТЫҢ «Алғыс хаты» тәбис етілді. Сонымен бірге, «Тіл мірдің оғындей» аталымы бойынша 25 000 теңгеңін сертификаты берілді.

Шара барысында түрлі үлтекілдері отбасылық құраммен жылы лебіздерін білдірді. Арқалық қалалық тілдерді оқыту орталығының мемлекеттік тіл курсы тыңдаушысы Ирина ЗАЙКО да ез отбасымен, үлттік киімімен, қазақ және украин тілдерінде журекжарды лебіздерін білдіріп, Қостанай қалының Тілдер мерекесімен күттіктауды.

Салтанатты шара облыс көркеменерпаздарының концерттік бағдарламасымен жағасты.

«А.Х.»